

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 679 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат, N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2 0 0 3 ж . , N 4 , 2 5 - қ ұ ж а т) :

1) 5-баптың екінші абзацында "тіркеуді" деген сөзден кейін "және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 6 - б а п т а :

бірінші бөлікте "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте "құрылтайшыда - заңды тұлғада салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екендігі

туралы" деген сөздер "құрылтайшыда - заңды тұлғада салық берешегінің жоқ екендігі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөлікте "оның филиалы немесе өкілдігінің" деген сөздер алып тасталсын; он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру нәтижесінде туындайтын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін сондай-ақ табыстау актісі немесе бөліністік балансы, сондай-ақ қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кредиторларын қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарламаны растайтын құжаттары ұсынылады";

3) 6 - 1 - б а п т а :

екінші бөлікте "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын; үшінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

Сауда тізілімінен алынған көшірме-үзінді немесе филиал (өкілдік) құратын шетел заңды тұлғасын растайтын шетел заңды тұлғасының басқа құжаты шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, жария етуге жатады.";

"Филиал (өкілдік) құратын шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын шетелдік заңды тұлғаның сауда тізілімінен көшірмесі немесе басқа да құжаты жария етуге жатады.";

төртінші бөлік алып тасталсын;

4) 7-баптың екінші бөлігі "акционерлік қоғамдар" деген сөздерден кейін ", өндірістік кооперативтер" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 9-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) мерзімдері.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса арыз берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

Өзге заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарды қоса арыз берген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.";

6) 11-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Мемлекеттік (есептік) тіркеу мен қайта тіркеуден бас тарту "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген заңды тұлғаны құру мен қайта ұйымдастыру тәртібін бұзу, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ өткізу актісін немесе бөліністік балансты ұсынбауы не онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартуға әкеп соғады.";

7) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Мемлекеттік статистикалық есеп

Тіркеуші орган тіркеген күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде мемлекеттік статистика органына заңды тұлғаны, филиал мен өкілдікті мемлекеттік (есептік) тіркегені (қайта тіркегені), қызметінің тоқтатылғаны мен орналасқан жерінің өзгергенін тіркегені туралы хабарлама жібереді.

Хабарлама нысаны мен оны мемлекеттік статистика органдарына ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мемлекеттік статистиканың уәкілетті органының келісімі бойынша бекітеді.

Мемлекеттік статистика органы тіркеуші органның хабарламаларының негізінде екі жұмыс күні ішінде заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге біріздендірілген теңдестіру және басқа да жүйелік-есептік кодтарын береді, олар туралы мәліметтерді Мемлекеттік статистикалық тіркелімге енгізеді.

Біріздендірілген теңдестіру және басқа да жүйелік-есептік кодтарын бергенін және Мемлекеттік статистикалық тіркелімге есепке қойылғанын куәландыратын құжат есепке қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оны тіркелген заңды тұлғаға, филиалға және өкілдікке беру үшін тіркеуші органға жіберілетін статистикалық карточка болып табылады.

Мемлекеттік статистика органы заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге біріздендірілген теңдестіру және басқа да жүйелік-есептік кодтар берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде салық төлеушінің мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыруы үшін салық органдарына хабарлама жібереді.";

8) 14 - бапта :

үшінші бөлікте "жаңа қатысушының - заңды тұлғаның салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің бар немесе жоқ екендігі туралы" деген сөздер "жаңа қатысушының - заңды тұлғаның салық берешегінің жоқ екендігі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шаруашылық серіктестіктерді қатысушылар құрамының өзгеру негіздемесі бойынша қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес шығатын қатысушының мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлеске құқығын иеліктен айырғанын (жол бергенін) немесе ауысатынын растайтын құжаттары ұсынылады." ;

жетінші бөлікте "мемлекеттік статистика органдары және" деген сөздер алып тасталсын ;

9) 16 - бапта :

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тарату негіздемесі бойынша тіркеу үшін:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша таратылуын тіркеу туралы арызы;

заңды тұлға мүлкін меншіктену иесінің немесе меншіктену уәкілетті органының не оған құрылтай құжаттарымен уәкілетті заңды тұлға органының заңды тұлғаның мөрімен бекітілген шешімі;

құрылтай құжаттарының, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі мен статистикалық карточкасының түпнұсқалары;

заңды тұлғаның таратылуы, кредит берушілер қойған талап арыздарының тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттардың баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжаттары;

таратылатын Заңды тұлға мүлкінің құрамы, кредит берушілердің қойған талап арыздарының тізбесі туралы мәліметтерді, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері қамтылған аралық тарату балансы;
тарату балансы;

заңды тұлғаның мүлкін меншіктену иесінің немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған өзге де органның аралық және тарату баланстарын бекіту туралы заңды тұлғаның мөрімен бекітілген шешімі;

заңды тұлғаның мөрінің жойылғаны туралы құжаты;

таратылатын заңды тұлғаның (филиалдары мен өкілдіктері болған кезде) филиалдары мен өкілдіктерінің есептен шығарылғанын растайтын құжаты;
салық берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасы;

кеден органдарының кедендік төлемдер бойынша берешектері мен аяқталмаған сыртқы сауда мәмілелерінің жоқтығы туралы анықтамасы;

уәкілетті органның акционерлік қоғамның (акционерлік қоғамдар үшін) акциялар эмиссияларының күшін жойғандығы туралы хабарламасы;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын түбіртегі немесе құжаттары ұсынылады.

Соттың шешімі бойынша таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу соттың ұйғарымы негізінде жүзеге асырылады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

Егер тексеру процесінде тарату немесе қайта ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзушылықтар анықталмаса, тіркеуші орган 10 күн ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді. Тиісті тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерінің қызметінің тоқтатылғанын тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органмен алдын ала келісе отырып жүзеге асырады.

үшінші бөлік алып тасталсын;

10) 16 - 1 - бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығару үшін осы баптың бірінші бөлігінде

көрсетілген құжаттардан басқа, филиал (өкілдік) орналасқан жер бойынша салық берешегінің жоқ екендігі туралы салық органдарының анықтамасы талап етіледі.

2. "Өндірістік кооператив туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 20, 119-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 18, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 2001 ж., N 17-18, 242-құжат):

- 1) 4-баптың бірінші бөлігінде "жарғының не" деген сөздер алып тасталсын;
- 2) 5-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өндірістік кооперативтің құрылтай шарты мыналарды қамтуы тиіс:".

3. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат):

67-баптың 2 және 5-тармақтары алып тасталсын.

4. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат; N 24, 338-құжат):

- 1) 24-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Коммерциялық емес ұйымның филиалы мен өкілдігінің атауы оларды құрған коммерциялық емес ұйымның атауына жасалған сілтемені қамтуы тиіс.";

2) 27-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "берешектерін алуға" деген сөздерден кейін ", филиалдар мен өкілдіктерді есептен шығаруға" деген сөздермен толықтырылсын;

- 3) 30-бап алып тасталсын.

5. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; N 24, 338-құжат; N 6, 73, 75-құжат; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж. N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат)

1) 520-1-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде "тіркеу" деген сөзден кейін ", осы баптың 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. "Салық төлеушілерді - заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеуді уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік статистика органдары ұсынған хабарламалардың негізінде салық төлеушінің тіркеу нөмірін беретінін жүйелі түрде асырады."

Хабарлау нысаны мен оны Мемлекеттік статистика органдарына ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі уәкілетті мемлекеттік орган мен

уәкілетті мемлекеттік статистика органының келісімі бойынша бекітеді.

Салық төлеушінің куәлігін тіркелген заңды тұлғаға, филиалға және өкілдікке беру үшін салық төлеушінің тіркеу нөмірін берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен келісім бойынша уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әділет органына жіберуі тиіс . "

2) 5 2 2 - б а п т а :

2 - тармақ алынып тасталсын :

4-тармақта "1 және 2-тармақтарының" деген сөздер "1-тармақтың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 523-баптың 1-тармағы "немесе мемлекеттік статистика органдары ұсынатын хабарламаларды алғаннан" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 524-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

5) 527-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасындағы қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу осы Кодекстің 520-1 және 523-баптарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүргізіледі."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті